Адамның тұру ортасын сауықтыру – оның өмір сүру салтын сауықтырудың, криминалдық байланыстарды жоюдың, қылмыс құрбаны болуы тәуекелін жоюдың, мүмкін болатын қақтығыс жағдайларын алдын-алудың маңызды құралы. Субъектінің жеке тұлғалық және басқада сипаттамаларының оң өзгерісі оның жағымсыз байланыстар мен қызмет бағыттарын іздестіруді жоққа шығаратын, түрлі жағдайдарда өзінің дербес, тұрақты, құқыққа лайықты мінез -құлқын қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді. Адамның ортамен өзара қатынастарын түзету – бұл мысалы, оны жағымды қызмет, жағымды әлеуметтік қатынастар жүйесіне қосу (жұмысқа орналастыру, оң сипаттағы спорттық командастына тарту және т.с.с.). Немесе, заңмен рұқсат етілу шегінде, керісінше бұндай адаммен теріс байланыстарды, оның түнгі уақытта үйден тыс болу және т.с.с. жағдайларын жою бойынша шаралары қабылданады.

Бұл жерде Э. И. Петрованың және бірқатар құқықтанушылар тұжырымымен келісе аламыз, олардың айтуынша қылмыстық мінез-құлықты жекеленген алдын-алу шаралары әдістері – тұлғаға әлеуметтік көмек көрсету, онымен тәрбие жұмыстарын жүргізу, заң негізінде және шегінде ғана қолданылатын мәжбүрлеу [8,12 б.].

Нақты жеке адамға қатысы қылмыстық мінез-құлықты жекелеген алдын-алуды жүзеге асыруда оны таңдау кезінде келесі жағдайлар ескеріледі:

1) Адам мінез-құлқының сипаттамалары: а) қылмыс жасауы. Әдетте, алдын-алу обьектісі болып жазасын өтеген қылмысты жасаған адамдар, ақталмайтын негіздермен қылмыстық жауаптылықтан босатылғандар, мәжбүрлі тәрбиелеу шаралары қолданылған жасы кәмелетке толмағандарға және т.с.с. қатысты; б) тұлғаның қылмыстық мінез-құлықпен табиғи байланысты, әдетте оның алдында жасалынатын, басқада құқыққа қарсы әрекеттерін жасауы; в) адамгершілікке аса жат қылықтарын жасауы (есірткі қабылдауы, алкогольді өлшеусіз ішүі және т.с.с.); г) жас ерекшелігіне, басқада әлеуметтік ұстанған жолына, рөліне айқын сай келмейтін және сонымен қатар қылмыстық мінез-құлықпен табиғи байлыныста көрінетін адамдардың тәртібі. Жасөспірімдердің жыныстық бейбастылығы, олардың спирттік ішімдіктеріне, шылым шешуге әуестенуі, окуды мерзімінен бұрын тастауы, мысалы, осындей балалардың шылым, спирттік ішімдіктер, әдемі киім, жолдастырына қонақ ас әперу үшін ата-анасынан жасырын түде ақша ұрлауларына итермелейді және құқыққа сай әрекет ету есебінен болашақта қадірлі өмір сүру мүмкіндігінен айырады. Жұмыс ақысы қарапайым адамның қымбат шетелдік туристік қызырулары, қымбат киім, көлік алулары оған деген назардың аударылу үшін белгі болып

табылады. Бұның барлығы қарыздар нәтижесі екендігі анықталған болса, онда мұндай қызметкерге заң аясындағы ықпал – оның сыйбайлар-жемқорлық мінезд-құлқын алдын-алудың маңызды кезеңі.

2) адамдардың тұрғылықты әлеуметтік ортасының сипаттамасы. Тікелей сол ортадағы, немесе оның ықпалындағы, немесе сол ортадан бағыт алатын адамдар ажыратылады, бұл орталар: қылмыс жасау ортасы; б) қылмыстық мінезд-құлқыпен табиғи байланысы бар басқада құқық бұзушылықтар жасалынатын орта; в) аса бейморалды құлқытарға жол берілетін, заң негізінде жатқан идеялар, көзқарастар, құндылықтар жүйесіне қарама-қайшы келетін ойларды насиҳаттайтын, және өздерін қылмыстық тәртібін айтып көрсететін орта (жасөспірімнің кері ойын сауықтыру тобына қатысуы немесе қоғамға қарсы сипаттағы сектаға қатысуы); г) әлеуметтік тұрғысы, рөлдері мен құндылықтары арасында өткір шиеленісі бар орта. Мысалы, соңғы жағдайда мәжбүрлі мигранттардың кейбір топтарын атауға болады, олар мұлдем басқа жағдайда өмір сүріп, кезінде басқа әлеуметтік ұстанымдарын алуы себебінен қазіргі жағдайында үлкен бейімделу қындылықтарын кешуде. Бұндай адамдар қылмыс құрбаныда, қатысушысыда оңай бола алады.

Жеке адамға қарсы қылмысты алдын-алуда келесідей кезеңдерді ажыратуға болады: 1) ерте алдын-алу; 2) тікелей алдын-алу; 3) қылмыстың өзі-өзі анықталуын алдын-алу. Оларды ажырату өлшемі ретінде қылмыстық мінезд-құлқы уақытына қатысты тиісті шараларын қабылдау уақыты алынған.

Қылмысты ерте алдын-алу –әдетте, қылмыстық мінезд-құлқы алдындағы болатын, және қылмыстың жағымсыз ауытқуларын туғызғанға дейін қылмыстың анықталуы мен себептілігі процестерін жою, бейтараптандыру. Бұл – туындаған мәселелері, қайшылықтарды уақытылы анықтау мен тиімді шешімін табу. Қылмысты тікелей алдын-алу – қылмыстың теріс әлеуметтік ауытқуынан қылмысқа өсуі кезеңінде анықталу, себептілік процестерін жою, бейтараптандыру. Осылайша, бұл – экономикалық қылмыс болып табылатын көлеңкелі экономиканың «күйкі» секторына ықпал ету, немесе оның қара секторына ықпалы. Тікелей тауар алмасу, тіркелмesten экономикалық қызметті жүзеге асыру салық төлеуден жалтарумен табиғи байланысты, жиі бұл өлімге алып келетін арнаулы ережелерді бұзуларға әкеледі.

Қылмыстың өзін-өзі анықталуын алдын-алу – бұл қылмыстың өзімен туындағын, әрі кәсіби және үйымдастық қылмыскерлермен мақсатты реттелініп отыратын қылмыстардың анықталу мен себептілік процестерін жою, бейтараптандыру, бұл: бір жағынан қылмыс әлемінің экономикалық, идеологиялық және үйымдастырушылық негізін жою, қылмыс жолымен жиналған мұлікті уақытылы тәркілеу, қылмыстық идеология, психологияның насиҳатталуына, жаңа адамдардың қылмыстық әрекет жасаудына тартылуына жол бермеу, екінші жағынан – жазасын өтеген адамдарға күнкөрістің занды мүмкіндіктерін беру, олардың оң ниеттерін қолдау, оларға мәнгі «қылмыскер» таңбасын салмау және т.с.с. Бұның барлығы қылмыстың қайта қайталануын, үйымдастық және кәсіби қылмысытылықтың күшеюін алдын-алуына ықпал етеді.

Қылмысты алдын-алу шараларының класификациясы.

Криминологиялық ғылымда жеке адамға қарсы қылмыстырықты алдын-алуға бағытталған түрлі шаралар жүйесі қалыптасқан. Олар түрлі санаттар мен негіздер бойынша класификациялануы мүмкін (мақсаты мен деңгей, масштабы, алдын-алу шараларын қолдану және т.с.с. бойынша).

Қылмыстырықты алдын-алу құрылышының мақсаттары, динамикасы мен сипаты бойынша шараларын жіктеу маңызды. Бұндай жағдайда алдын-алу шаралары бүкіл ел, қандайда белгілі бір аймақ, жеке объекті және т.б. масштабында өткізіледі. Алдын-алу алдына қойылған міндеттер мен объектісін тандаудан, көзделген мақсатты орындаудың сипаты мен көлемі байланысты болатындығы анық. Мысалы, нақты жердегі жастар мен жасы кәмелетке толмағандар арасындағы бұзақылықтың өсуін ескере отырып олардың шоғырланған жерлердегі жергілікті полиция қызметін күшайту.

Жеке алдын-алудың өзі өте күрделі екендігін атап өткеніміз жөн, әсіресе қамау орындарынан шыққандарға қатысты. Бұл мәселе пенитенциарлық жүйенің қамау орындарында болған адамдарды түзеу мүмкіндіктері азайған қазіргі күні күрделене түсті. Бұл жерде кезінде жазасын өтеген адам, көп жағдайларда жазалау қауіпінде болатындығы туралы айттылуда, сондықтан ондай адамның уәждемесі бұрынғысымен салыстырғанда әлдеқайда қауіпті болуы мүмкін. Ендігі әрі бұндай адам қылмыстық жауаптылықта тартылудың, бас бостандығынан айырылудың, сонша қындықты бастан өткерудің және т.с.с. қандай болатынын жақсы біледі. Жасаған алғашқы жазасы түзеуге келмейтіндей өте қатал болды. Егер оны ендігі әрі басынан өткерген жазасының қыспағында ұстап отырған болса, онда жазалаудың арнаулы превенциясы ұstemдік алғандығын мойындауымыз тиісті. Осы мәселе бойынша А.М.Яковлевтің түрмеде бірде бір рет болмаған адам үшін ол өте қорқынышты деген тұжырымы өте орынды. Бірақ, егер адам қамауда болып түзелмесе, өзінде жазалау ықпалын сезінбеген болса, ол оны аса қорқынышты емес екендігін түсінсе, бұндай субъект басқа түсіндірмеге ие болады. Сонымен, кейбір құқықбұзушылар үшін түрме, бас бостандығынан айырудың екі мағынасы бар: түрме түзету мүмкін, және ол керісінше бұзыу мүмкін. Басқаша айтқанда, жазалаудан қорқу ықпал ететін психологиялық кедергі маңызды әлсірейді. Егер әрекет сол нәтижемен қайталанған болса, оның әрмен қарай құлдырауы орын алады, бұл, өз кезегінде, қылмыстық дағдысының қалыптасуын тездетеуді [9]. Біздің ойымызша, осы «сценарий» бойынша қылмыскерлер мен қайталанбалы қылмыстырықты қалыптасады. Өйткені, көп жағдайларда қылмыс жасауды әдетте алған қылмыскерлердің пайда болу қарапайым бұзақылықтан басталады. Ұзақ мерзімді қамауда болуға қатысты іс басқаша және күрделілеу болып келеді. Түрме қызметкерлерінің міндеті құқықбұзушыны түзеу, оны қамау орынан заңға бағынатын адам етіп шығару. Қазіргі заманғы пенитенциарлы тәрбие көрсетіп отырғандай, түрме ортасы жазаланушыға, әдетте, қарама-қайшы ықпал етеді: қамауға алынған сол түрмеге түскенге дейінгі қалпынан әрмен қатты бұзылған, қылмыстық психологияға терең енген, қофам мен оның құндылықтарына қатты ызалы, және еркіндікте өмірлік мәселелерді шешуге мүлдем қабілетсіз болып шығатындығын көрсетеді.

Кез-келген профилактикалық шаралар алдын-алу шараларының зандылығын, негізділігін, прогрессиялығын, шынайылылығын және үнемділігі мен мақсатқа сәйкестілігін қанағаттандыруы тиісті. Қылмыстырықты алдын-алу бойынша өткізілуі тиісті, аталған қағидаларының әрқайсысын жеке-жеке қарастырып өтеміз.

Зандылық. Өзі айтып отырғандай – қылмыстырықтың себептері мен жағдайларын жою мен анықтауга бағытталған барлық шаралар заңға негізделінуі тиісті. Жергілікті шартта құрастырылған осы себептерді жоюға бағыттарлынған ешбір ойлар, қорытындылар азаматтардың занды құқықтары мен мұдделеріне қайшы келетін келмеуі тиісті, және есепке алынбайды.

Алдын-алу шараларының шынайылылығы мен экономикалық мақсатқа сай болуы орындалуы мүмкін және материалдық пайдалы болуы қажетті, сонымен қатар оны орындау үшін мүмкін шығындарын ескеру қажетті.

Алдын-алу шараларының нақтылылығы қылмыс себептері мен жағдайларын қалыптастырыған шынайы өмірдегі факторларына бағытталуы тиісті. Бұндай шаралар егжей-тегжейлі есептелінуі тиісті, онымен кім айналысатындығы, жоспарланған шара туралы толық мәліметтері болуы тиісті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Қазақстан Республикасының заңы //<http://adilet.zan.kz>. 20.04.2020.
- 2 Криминология: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» [Гуров, А.И. и др.]; науч. редакторы - Н.Ф.Кузнецова, В.В.Лунеев.- М.: Волтерс Клювер, 2005.- 640 с.
- 3 Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының Заңы. (11.07.2017 ж. толықтырулар және өзгерістерімен)
- 4 Жалинский А.Э. Специальное предупреждение преступлений в СССР. Львов, 1976. С. 106.
- 5 Кудрявцев В.Н. Правовое поведение: норма и патология. М., 1982. С. 241-242.
- 6 Черных Н.С. Виктимологическая профилактика преступлений военнослужащих // Преступность и законодательство. М., 1997. С. 354-365.
- 7 Криминология / под ред. А.И. Долговой. М., 1997. С. 439-770.
- 8 Петрова Э.И. Индивидуальное предупреждение преступления// Криминология / Под ред. А.И. Долговой. М., 1997. - С. 383-396.
- 9 Яковлев А.М. Теория криминологии и социальная практика. М. 1985.

**МЕМЛЕКЕТТІК МУЛІКТІ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮРҒЫДАН
ҚОРҒАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ТЕТИКТЕРІ**

7M04208 «Құқықтың өзекті мәселелері» Білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 261-бабының 1-тармағына сәйкес, егер мүлік оны иеліктен айыруға құқығы болмаған адамнан өтеулі түрде алышып, алушы мұны білмесе және білуге тиіс болмаса (адал алушы), мүлікті меншік иесі немесе меншік иесі мүлікті иеленуге берген адам жоғалтқан, не мұның екеуінен де ұрланған, не олардың иеленуінен бұлардың еркінен тыс өзге жолмен шығып қалған ретте ғана меншік иесі бұл мүлікті алушыдан талап етіп алдыруға құқылы.

Ал Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 3-5 баптарының тармақтарында жасалған мәмілені жарамсыз деп танудың салдарлары айтылған. Мәміле жарамсыз деп танылған жағдайда тараптардың әрқайсысы бір-біріне мәміле барысында алынған мүліктерді сол күйінде қайтаруға, қайтара алмаса (материалдық емес қызметтер, орындалға жұмыстар болса) оның оның құнын толық қайтаруға міндettі. Егер мәміле қылмыстық мақсатты көздеген болса, екі тараптан да қылмыстық пиғыл анықталса, онда мәміле бойынша олар алған немес алуга арналған материалдық және материалдық емес дүниелер сottың үкімімен тәркіленуге жатады. Осында мәміледен бір тарап қана пайда көрсе, екінші тараптан да да барлық дүниелер тәркіленеді. Егер қос тарап мәміле бойынша ештеңе орындаған болса, онда мәмілемен қаралған, орындалуға жататын барлық дүниелер тәркіленеді. Егер тек бір тараптан ғана қылмыстық пиғылды көздеген мәміле болатын болса, онда ол алған дүниелер екінші тарапқа қайтарылып, содан кейін ғана ол тәркіленеді.

Алайда, іс жүзінде мәмілені жарамсыз деп танудың салдарларын анықтау барысында көп жағдайда сатып алушының жосықтылығы нормалары басшылыққа алынады. Содан барып пайда болатын қатынастарда белгісіздік туындейді.

Осыған орай, азаматтық айналымға тұрақтылық беру мақсатында, жосықты сатып алушы мәміле жарамды деп танылған жағдайда толық қорғауға ие болады. Дегенмен, бұл жерде үшінші тұлғалардың кесірінен заңсыз әрекеттерінің кесірінен мүлкінен айырылған екінші жаққа тең дәрежеде мемлекеттік қорғау құқығы ұсынылуы тиіс. Кінәлі адамды анықтап, одан залалды өндіріп алуга мүмкін болмаған жағдайда кепілдік қор құру арқылы, одан арнайы өтемақы төлеу жолымен қол жеткізуге болады. Меншік құқығын тиімді қорғау болмаса, жосықты сатып алушының мүлкін виндиқациялауға тиым салынған жағдайда меншік иелерінің меншік құқығы және өзге де заттай құқықтары бұзылады. Кепілдік қорлар болмаса, мәселен жылжымайтын мүлік саласында, заңсыз иеліктен мүлікті қайтаруға және мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап арыз ұсыну салдарларын жоққа шығаруға болмайды.

Жоғарыда айтылғандарға орай, мәмілені жарамсыз деп танудың құқықтық салдарларындағы белгісіздікті жоюды және жосықты сатушыға қатысты реституция қолдануды дұрыс деп есептейміз. Мәмілені жарамсыз деп тану салдарларын анықтау барысында сатушының жосықтылығы туралы нормаларды қолданыстан алып тастаған жөн. Егер, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері кесірінен мүлкін жоғалтқан меншік иесіне тең дәрежеде тиімді қорғау болмаса, кепілдік қорлары арқылы шығынның орнын толтырмаса, меншік иесі айыпты тұлғадан залалын өндіріп ала алмаса (банкроттық, жеке тұлғаның өлімі, занды тұлғаның жойылуы, жауапкершілікten жалтару және тағы басқалар), мұндай нормалар пайдасыз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңында бір-біріне қарама-қайшы келетін нормалар бар. Мәселен, мемлекеттік тіркеу нысандары туралы жалпы ережелерде жылжымайтын мүліктің тағдырын сипаттайтын міндеттемелер туралы нормалар жоқ, алайда тіркеу парағының құрылымында мемлекеттік тіркеудің мұндай нысандары көрсетілген (3 және 14 баптар). Осы орайда, мемлекеттік тіркеудің мұндай нысандары Қазақстан үшін өте өзекті және азаматтық айналым қатысушыларына меншік құқығындағы заттық немесе де басқа да ауыртпалықтар туралы мәліметтер беруімен қатар, әрбір жаңа меншік иесіне ауысатын міндеттемелер туралы да ақпарат ұсынады. Мысалы, мұндай міндеттемелер қатарына инвестициялық міндеттемелер, ренталық төлемдерді төлеу туралы міндеттемелер, жалпы мүлікті күтіп-ұстаяға байланысты кондоминимум қатысушыларының қарыздары жатады. Жоғарыда айтылғандар негізінде Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңында жылжымайтын мүліктің тағдырын бақылауға мүмкіндік тудыратын мемлекеттік тіркеудің нысаны ретінде - міндеттемелерді қарастыру көзделуде.

Тәжірибеде көрсеткендей, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар акционерлік қоғамдармен және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктермен салыстырғанда тиімсіздігін дәлелдеді (мысалы, тұрғын үй-шаруашылық кешенін қарастырсақ, мұнда акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер белгілі бір уақытта қарыздарын жауып, пайда табуға кірісетін болса, дәл сондай қызмет атқаратын мемлекеттік кәсіпорындар қарыздарын жауып, пайда таппақ түгілі, керісінше қарызды қордалап жинап, шығынға батады). Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру мен басқару мөлдір емес, сыйбайлас жемқорлыққа жол ашады, сондай-ақ, мемлекеттік кәсіпорындарға мемлекеттік органдар тарапынан қысым көрсетіледі, өзін-өзі ақтамайтын мемлекеттік мекемелердің қызметін бюджеттен қаржыландыру тиімсіз.

Мемлекеттік сатып алулар жүйесінде мемлекеттік кәсіпорындар үшін бәсекені болдырмайтын, экономикалық тұрғыдан жөнсіз, іс жүзінде акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен мемлекеттік кәсіпорындар арасындағы бәсекелестікті бұзатын басымдықтар қаралған. Әрі ол бюджеттен ақша жымқыруға, сыйбайлас жемқорлыққа қолайлы. Шаруашылық жүргізу жүйесінің өзі моральдық жағынан ескірген. Өйткені, нарықтық қатынастар

болмаған, мемлекеттік мүлікті жекешелендіру мүмкіндігі жоқ, жеке кәсіпорындар саны аз, өтпелі кезенде мемлекеттік кәсіпорындар үшін жасалған жүйе еді. Қазіргі таңда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар анахронизм ретінде, мүліктік айналымға, бәсекелестікке зиян келтіретін құрылымдар ретінде қарастырылуы тиіс.

Болашақта мұндай проблемадан түпкілікті арылу үшін шаруашылық жүргізу құқығынан мұлде бас тарту, сәйкесінше, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын тақылеттес занды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық формасын болдырмау қажет.

Сонымен қатар, жедел басқару құқығы жөнінде де түпкілікті шешім керек. Өткен ғасырдың екінші жартысында бұл құқық теориялық тұрғыда мемлекеттік мүлікке мемлекеттік органдар тарапынан иелік ету, одан соң мемлекеттік мүлікті мемлекеттік кәсіпорын-ұйымдарға пайдалануға беру құқығын жүзеге асыруға қолданылды. Бұл жағдайда ең басты кедергі – өндіріс құралдарына жеке меншік жоқ деген қағида ұсталды. Ғылыми экономикалық процесс тоқтағаннан кейін, өндіріс құралдарына ешқандай жеке меншік болуы мүмкін емес деген қағида қатаң орнықты. Яғни, бұл тиым болмаса кез-келген мүлік кәдімгі азаматтық құқық институттарының негізінде қарызға, жалға, т.б. пайдалануға берілер еді.

Күні бұғін мемлекеттік мүлікті кәсіпорын-ұйымдарға кәдімгі азаматтық құқық институттарының негізінде беруге саяси тұрғыдан еш кедергі жоқ. Жедел басқару құқығы тек мемлекеттік органдарға (білік органдары болып табылатын мемлекеттік мекемелер) және лауазымды мемлекеттік тұлғаларға (Президент, Премьер, Бас прокурор, Бас санитарлық дәрігер, әкім және тағы басқалар) қатысты қалдырылды. Онымен бір мезгілде кез-келген білім, денсаулық сақтау мекемесі кез-келген коммерциялық емес ұйымға айнала алады. Ондай ұйымның мүлкі занды тұлғалар туралы ережеге сәйкес меншік құқығына беріледі. Мұндай шарттар қазыналық кәсіпорындарға да қолайлы, өйткені занды тұлға ретінде олардың да өз алдына дербес мүлкі, басқару органдары бар. Әрине, мемлекет қазыналық кәсіпорын-ұйымдарды басқару органдары арқылы да басқара алар еді. Бірақ, ондай жағдайда мемлекет қазыналық кәсіпорынның мүліктік режимін өзгертип, мүлікті жеке меншікке беруі қажет немесе мұндай ұйымдастырушылық-құқықтық нормалардан бас тартып, жаңа формаларды жасақтауы, мүмкін коммерциялық емес акционерлік қоғамды қайта қалпына келтіруі керек. Себебі, ол форма білім, денсаулық сақтау ұйымдарына да, қазыналық кәсіпорындарға да бірдей үйлеседі.

Айтылған жайттар негізінде, жедел басқару құқығы туралы бөлімді қайта өндеп, оны тек мемлекеттік органдарға қатысты қалдыру ұсынылада. Дегенмен, қалай болғанда да жеке ұйымдардан бас тарту қажет, себебі жедел басқарудың табиғатының өзі мемлекеттік мүлікті басқаруды қөздейді және жеке ұйымдарға тән емес.

Мемлекеттік занды тұлғалар немесе мемлекеттің 100 пайыз акциясына ие занды тұлғалар тарапынан міндеттемелік құқықтық қатынастарды қорғаушы, алынбай қалған пайданы өндіріп алу құқығы түріндегі «жұмыс істемейтін» механизм жұмыс істейтін пәрменді механизммен алмастырылуы мүмкін. Мысалы, мұндай механизмге орындау нысаны ретінде - ақша белгіленген жағдайда,

міндеттемелерді орындамағандығы үшін нақты мөлшерде айыппұл және өсімпұл өндіріп алу жатады. Оған негіз болатын жағдай – мұндай айыппұлдың мөлшері алынбаған пайданың орнын толтыруға мүмкіндік береді және дәлелдеу үшін түрлі құжаттар іздемей-ақ сол соманы талап арызда нақты көрсетуге болады.

Алынбай қалған пайданы шығындардың құрамдас бөлігі ретінде іс –жүзінде дәлелдеу өте қыын, өйткені оның негізінде болуы мүмкін жағдай мен шынайы жағдайдың өзара арақатынасы жатыр [1, 74 б.]. Оған қоса, алынбаған пайда, табыстың орнын толтыруды талап еткен жағдайда қарыз алушы алынбаған табысты алу мүмкіндігіне субъективтік тұрғыдан емес, объективті шынайылық тұрғысынан қарауы тиіс [2, 320 б.]. Алынбай қалған пайданың мөлшерін дәлелдеу, анықтау қарыз алушының өзінің иығына жүктеледі, ол қарыз берушіден несие шартына сәйкес, белгіленген кестеге сай көлемде және уақытта қарыз алған жағдайда табуы мүмкін пайдасының мөлшерін дәлелдейп шығуы қажет. Яғни, өзінің талаптарын негіздеу үшін қарыз алушы дәлел ретінде тасымалдау, жеткізу, ғимаратты жалға алу, беру, тауарды өндіру және тағы басқа да келісімшарттарын ұсынуға міндетті (ҚР АК 350 бабының 4 тармағын қараңыз) және табыс алынбауының себебін қаржы беруден бас тартқан, міндеттемені орындамаған қарыз берушімен, мәселен банкпен байланыстыруы тиіс. Басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 340-бабына сай, қарыз берушінің міндеттемені орындамауымен байланысты іс-әрекеті мен өзінің алынбай қалған пайдасының арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды дәлелдейп беруі қажет.

Қалай болғанда да алынбай қалған пайданың ықтималдық сипатын ескерген дұрыс. Сол себепті сот тәжірибесінде қарыз алушының қарыз берушіге алынбай қалған пайданы өндіріп беру туралы он шешілген талап арыздар жоқтың қасы. Алынбай қалған пайданы өндірү туралы талап арыздарға қатысты сот істерін талдау көрсеткендей, соттар мұндай жағдайларда көбінесе істі қараусыз қалдырады немесе алынбай қалған пайданы өндіріп беруден бас тартады. Зангерлер, соның ішінде судьялар айтқандай: «алынбай қалған пайда формасындағы шығындарды дәлелдеу белгілі бір дәрежеде қыын, себебі оның өзі негізінен болашақтағы шығындар болып есептеледі. Басты қындық – болашақ шығыстардың қажеттілігі мен мөлшерін негіздеуге келіп тіреледі» [3, 199 б.].

Күні бүгін Қазақстанда бұл мәселені қарастыратын Жоғарғы соттың нормативтік қаулысы деңгейінде құжат жоқ.

Ресейде сот тәжірибесі бар және алынбай қалған пайданы өндіру турасындағы талап арыздарды қарастыратын сот органдарының позициясы туралы нақты айтуға болады. Мәселен, Ресей Федерациясының Жоғарғы соты Пленумының және Ресей Федерациясының Жоғары Арбитраждық соты Пленумының 1996 жылғы 1 шілдедегі «Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің бірінші бөлімін қолдануға қатысты жекелеген сұрақтар туралы» №6/8 қаулысында алынбаған пайданың мөлшерін анықтау жөнінде бөлек ереже бар: «Алынбай қалған пайданың мөлшері, егер міндеттеме орындалған жағдайда қарыз алушы белгілі бір мөлшерде жұмсауы мүмкін шығыстарды ескере отырып анықталады» (11 тармақ) [4, 10 б.].

Қазақстанда қазіргі таңда сот корпусы өкілдерінің өзі алынбай қалған пайданың мөлшерін анықтау барысында туындайтын сұрақтарды түсіндіру үшін жоғары сот органы тарапынан арнайы нормативтік қаулының қабылдануын ұсыныс ретінде айтып отыр [30, 105 б.].

Алайда, Ресейде жоғары сот органдарының нормативтік қаулысының болуына қарамастан, зангерлердің өзінің шығындарын толтыру сұрақтарында күрделі мәселелер туындауда. Себебі: «уақытылы алынбаған қарыздан және өзінің шотында белгілі бір мөлшерде ақшаның болмауынан келетін өзінің шығындарынды дәлелдеу мүмкін емес» [5, 63 б.]. Бұдан, Ресейде жоғары сот органдарының нормативтік қаулысының болғанына қарамастан, қарыз алушы тарапынан алынбай қалған пайданы өндіріп алу туралы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 9-бабымен кепілдік берілген құқығын іске асры да оңай емес.

Таяу жылдарда шаруашылық айналымына енгізілген «мемлекеттік активтер» ұғымының аясында мемлекеттік мүліктің осы бөлігін қорғаудың тиімді механизмдерін ойдастыру қажет. Мемлекеттік мекеме-кәсіпорындарды, мемлекеттің қатысы бар заңды тұлғаларды басқару мемлекет тарапынан қатаң бақылауды және сапалы жұмысты талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Роцина В. Ф. Ответственность предпринимателей за нарушение денежных обязательств по российскому законодательству / Дисс... на соискание ученой степени к.ю.н. – Москва, 2004. – 99 с
2. Малеин Н. С. Имущественная ответственность в хозяйственных отношениях. - М., 1968. – 320 с
3. Сатбаев Б.Б. Убытки и неустойка // В сб. Судебная практика по обязательственному праву. Верховный суд Республики Казахстан. Материалы регионального семинара по обязательственному праву. - Тараз, 2009. – 200 с
4. Долженко А.Н., Резников В.Б., Хоклов Н.Н. Судебная практика по гражданским делам.-М.: ПБОЮЛ Гриженко Е.М., 2001 – 156 с
5. Политико-правовой анализ Концепции совершенствования общих положений обязательственного права в части регулирования института неустойки / Карпетов Г.А. // Журнал «Закон» -2009. - №5 - С.63 - 69

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАЛАУДАН БОСАТУ
ТҮСІНІГІ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

7М04208 «Құқықтың өзекті мәселелері» Білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

Қылмыстық жауапкершіліктен босату кінәліні жасаған қылмыстан кейінгі барлық құқықтық салдардан босатуды білдіреді. Алайда қылмыстық жауапкершіліктен босату адамды кінәсіз деп тануды білдірмейді, өйткені жасалған әрекет үшін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктен, сондай-ақ әкімшілік тәртіптік немесе қоғамдық жазадан босатылмайды. Қылмыстық жауапкершіліктен босату тек қылмыс жасаған адамға ғана қолданылады.

Сондықтан да, егер адамның әрекетінде қылмыс белгілері жоқ болса, онда мұндай адам қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Қылмыстық жауапкершіліктен босатуды сот, прокурор, тергеуші, анықтау органдарының қызметкери қолдана алады.

Жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату. Мұндай босатуға егер айыпты адам:

1. бірінші рет қылмыс жасаса;
2. жасалған қылмыс кішігірім немесе орташа ауыр санатқа жатқызылса;
3. жәбірленушімен татуласса, ол жәбірленушінің тиісті іс жүргізу нысанында айыпты адамға деген талабынан бас тартуынан көрінеді;
4. жәбірленушіге келтірілген зиянның есесін толтырған жағдайда жол берілуі мүмкін.

Қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімі деп қылмыс жасаған күннен бастап, сот үкімі занды қүшіне енген кезге дейінгі мерзімді айтады, содан кейін занда көзделген шартты жағдайларда қылмыстық жауапкершілік жоққа шығарылады. Мұндай босату қылмыс жасалған күннен бастап мынадай мерзімдер өткен жағдайда жүзеге асады:

- онша ауыр емес қылмыс жасалғаннан кейін екі жыл;
- орташа ауырлықтағы қылмыс жасалғаннан кейін бес жыл;
- ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он жыл;
- аса ауыр қылмыс жасалғаннан кейін он бес жыл.

Қылмыстық занда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын - шартты түрде босату көзделген. Жаза тағайындалған адам жазаны өтеу мерзімі біткенге дейін түзелуі мүмкін, сондықтан жазаны әрі қарай орындау мақсатсыз және қажетсіз болып қалады. Осыған байланысты қылмыстық занда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты көзделген, ол бірқатар шартты жағдайлар болғанда адамды жазаны өтеуден одан әрі босатудан көрінеді.

Барлық жаза үшін мерзімінен бұрын — шартты түрде босатуға жол берілмейді, тек түзеу жұмыстары, әскери қызмет бойынша шектеу, бас

бостандығын шектеу, тәртіптік әскери бөлімде ұстай немесе бас бостандығынан айыру сияқты жазаларға ғана таралады. Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген адам, егер сот бұл жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп таныса және кемінде жиырма бес жыл бас бостандығынан айыруды іс жүзінде өтесе, мерзімінен бұрын — шартты түрде босатылуы мүмкін.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын — шартты түрде босату шартсыз емес, өйткені жазаның өтелмеген белігінде, сottалушы сот жүктеген талаптарды орындауға міндettі.

Сottалушының сот тағайындаған жазаның белгілі бір белігін өтеуі жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың міндettі белгісі болып табылады [1,6.89].

Егер айыпты өзіне жүктелген міндettтерді орында маса шартты түрде мерзімінен бұрын жазадан босату алынып тасталады. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды алып тастау дегеніміз — сottалушының жазаның өтелмей қалған белігін одан әрі өтеуі үшін жаза өтейтін жерге қайтарылуын білдіреді.

Мерзімінен бұрын шартты түрде босатумен қатар Қылмыстық кодексте басқа да жазадан босатудың түрлері қарастырылған, олар:

- жазаның өтелмеген белігін неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыру;
- ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату;
- жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру, төтенше мән-жайлардың салдарынан жазадан босату мән жазаны өтеуді кейінге қалдыру;
- айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату.

Қылмыстық жауаптылық әдетте жаза арқылы жүзеге асырылады. Бірақ та кейбір жағдайларда қылмыспен күрес жаза қолданбай-ақ жүргізіле беруі мүмкін. Қылмыспен күрес практикасында қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату институттары мейлінше кең таралған. Аталған институттарды қолдану негіздері босату түріне байланысты әрқылы болғанымен, жасалған іс әрекеттің құқықтық сипаты өзгеріссіз қалады. Яғни ол іс-әрекет қылмыстық сипатта болады.

Қылмыстық жауаптылықтан босату қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеуді біртіндеп жеңілдетумен азайту тенденциясын бейнелейді. Барлық жауаптылықтан босату түрлері әр жағдайда индивидуалды, тұлғаның жеке қасиеттерін терең талдау нәтижесінде және осы тұлғаның қылмыстық жаза шарасын қолданбай түзелуі мүмкін деп танылған жағдайда ғана қолданылуы тиіс. Өзінің мазмұны бойынша қылмыстық жауаптылықтан босату тек жазаны өтеуден босатуды ғана емес, сонымен бірге жазалау шараларын белгілеуден де босатуды білдіреді.

Қылмыстық жауаптылықтан босату - ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босатудан басқа жағдайларда, тиісті органның құқығы болып табылады. Ал, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жауаптылықтан босату бұл органдар үшін міндettі болады.

Қылмыстық жазадан босату - бұл кінәлі адамды жазаның құрамдас бөліктері болып табылатын белгілі бір құқықтарын шектеумен құқықтарынан айырудан босату. Аталған институтты қолдануға сот тағайындаған жазаны орындаудың тиімсіздігі немесе жазаны атқаруға мүмкіндік болмауы негіз болады. Кейде қылмыстық жазадан босатуды қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың бір формасы ретінде түсініп оны қылмыстық жауаптылықтан босатудың құрамдас бөлігі ретінде құрастырып қате тұжырым жасайды.

Ал іс жүзінде, жазаны өтеуден босату - дербес қылмыстық-құқықтық институт болып табылады. Бұлар өзара мазмұны, негіздері, заңдық салдарлары және қолданудың процессуалдық тәртібіне байланысты ерекшеленеді. Мысалы, қылмыстық жазадан босату тек онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін ғана емес одан да кең шенберде қолданылады. Ал қылмыстық жауаптылықтан босату тек үлкен қауіп тудырмайтын онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс жасаған адамдар үшін ғана қолданылады. Жазаны өтеуден тек сот қана босата алады, ал қылмыстық жауаптылықтан босатуды тергеуші, прокурор, анықтау органды жүзеге асыра алады. Сондай-ақ, қылмысты адам жазаны өтеуден босатылғанымен қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды. Ал қылмыстық жауаптылық жаза қолданусыз жүзеге асырылуы мүмкін [2,6.31-33].

Соттың заңды күшіне енген үкімі немесе қаулысы, сондай-ақ рақымшылық немесе кешірім жасау актісі жазаны атқару негіздемесі болып табылады.

- Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жаза, жасалған қылмыстар үшін қолданылады және мынадай мақсаттарға жетуді көздейді:

- әлеуметтік адалдықты қалпына келтіру;
- сотталған адамдарды еңбекке адал қарау рухында түзету;
- заңдарды нақты орындау; жалпылама өмір сұру тәртібін силау;
- сотталған және басқа адамдармен жаңа қылмыстар жасаудың алдын алу.

Жазаны өтеуден босатудың негіздері мыналар болып табылады:

- сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеу;
- іс бойынша актау үкімі шығарылған немесе іс жүргізудің қысқартылуына байланысты сот үкімі күшінің жойылуы;
- жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату;
- жазаның өтелмеген бөлігін жазаның негұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру;
- кешірім жасау немесе рақымшылық жасау;
- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекітетін тізбеде көзделген, сотталған адамның мүгедектігі немесе сырқаты;
- занда көзделген өзге де негіздер.

Сотталған занда белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде жазаны орындаитын орган бес күн мерзімде жазбаша түрде сотталғанға жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы мәселені қарау немесе

жазаның өтелмеген бөлігін жазалаудың неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру үшін сотқа өтініш беру құқығының туындағаны туралы хабарлауға міндettі.

Кешірім жасауға ұсынылатын сottалушы жөнінде жазаны атқарушы мекеме немесе орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті өтініш енгізеді.

Сottалғаның жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату туралы, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жұмсақ түрімен ауыстыру туралы және кешірім жасау туралы өтінішіне жазаны орындаитын орган оның жазасын өтеу кезіндегі жеке басын, міnez-құлқын, еңбек пен окуға қатынасын сипаттайтын деректерді қоса береді.

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың міндеттері:

- тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өтуге;
- ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрғылықты жерінен кетпеуге;
- ішкі істер органдарын жазбаша хабардар етпей тұрғылықты жерін, жұмыс және оқу орнын ауыстырмауға;
- жұмыстан және оқудан бос уақытта ішкі істер органдары белгілеген жерлерге бармауға;
- ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;
- жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірген залалды немесе мемлекетке келтірген материалдық залалды өтеу жөнінде шаралар қолдануға;
- ішкі істер органдарының талабы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыруға қажетті түсініктер мен өзге де құжаттарды беруге;
- ішкі істер органдарына шақырту бойынша келуге міндettі. Дәлелді себептерсіз келмеген кезде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам құштеп әкелінуі мүмкін;
- тұрғылықты жеріндегі салық органына Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен кірістері және салық салу объектісі болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында да және одан тыс жерлерде орналасқан мүлкі туралы декларация тапсыруға міндettі. Көрсетілген декларация жазаның қалған өтелмеген бөлігі өткенге дейін тапсырылады.

Бұл ретте, аталған тұлғалар ішкі істер органына салық органының декларацияны алғаны туралы анықтамасын тапсырады.

Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға сот оның түзелуіне септігін тигізетін басқа да міндеттерді орындауды:

- алкоголизмге салынудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан емделу курсынан өтуді;
- жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді;
- отбасын материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктей алады.

Мемлекет өзінің әлуметтік мақсаттарына жету қызметінде алдына қоятын қоғамдар және оның саясаттық және биліктік құрылымдары қағидаларды, стратегияны әртүрлі міндет-мақсатты шешудің мысалдары мен негізгі бағыттарды көрсететін белгілі бір саясатқа сүйенеді. Ол міндет-мақсаттардың бірі қылмыстық жаза болып табылады. Қылмыс жасағаны үшін алдына тағылған қалмыстық жаза өзіне сай ұйымдастыруды қажет етеді. Дегенмен, жазаны орындау процесі өтеп жүргенін түзелуі мағыналы мүмкіндігін қамтитында ұйымдастырылуы керек [3,6.66].

Қылмыстық жазаны орындау бағытындағы саясат туралы айта отырып, оның қылмыстық саясатпен тығыз байланыста екенін айта кету қажет, өйткені ол содан бөлініп, көп жоспарлы көріністе қамтиды. Шартты саясат қылмыстылықпен құресудің әр түрлі нысандарын қамтиды және өзі әлеуметтік саясаттың бір бағытын жүзеге асырады. Қылмыстық саясат қылмыстылықпен құресудің негізгі бағыттарын, нормалар, әдістер, мақсаттар және бұл күресті жүргізетін мемлекеторгандарын ұстауды анықтайды. Ол қылмыстық заңнамалардың мағынасын анықтайды, бастысы қылмыстық жауапкершілік сұрақтарды шешеу, оның негіздерін, жауапкешіліктің дифференциясын және индивидуализациясын, криминилизациясы мен дикриминализациясын, мақсаттарын белгілейді, қылмыстық жазаның жүйесі мен түрлерін, олардың жазадан босаудың мүмкіндігі мен негіздерін анықтайды.

Қылмыстық жазаны орындау саласында мемлекеттің саясаты мемлекеттің қызметтік бағыттарын және стратегияны, мақсаттары мен қағидаларын, оның қылмыстық жазаны орындау саласындағы негізгі нысандары мен әдістерін белгілейді.

Қылмыстық жазаны орындау занда тек қолданылуы мүмкін жазалардың тізімін ғана емес сонымен қатар жазаның мақсаттарын, оны ұстаудың және де жазаны орындау процестің өзін бекітуді қажет етеді. Саясаттың талаптары Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген негізгі қағидаларды қызметтің бағыттарын, қылмыстық жазаны орындау саласындағы мемлекет стратегиясын көп көлемде қамтамасыз етуден және де жазаны орындау кезінде сottalғандармен қарым-қатынас ережесін, сottalғандардың түзелуіне ғылыми-негізделген нормаларды және әдістерді қолдануды қамтамасыз етуден туындауды [4,6.72-74].

Өзінің мәні бойынша, құқықтық норма екі жақты ұсынушы-міндеттеуші мінездемені қамтиды. Егер құқық нормасы құқық қатынысы субъектілерінің біреуіне жүретін болса, субъектілік құқық ал басқа субъектіде сай міндеттер пайда болады. Мысалы бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген сottalушы өзінің туыстарымен ұзақ немесе қысқа кездесулерге құқысы бар. Басқа жақтан түзеу мекемесінің әкімшілігі 1998 жылы 23 мамырда Қазақстан Республикасының 17 «Түзеу мекемелеріндегі ішкі тәртіп ережесінің» талаптарына сай тек сottalғандарға бұл құқықтарын жүзеге асыруын ұсыну ғана емес, яғни кездесуге рұқсат беру, бірақ сай көлемде қысқа және ұзақ уақытқа болатын кездесу бөлмесін дайындау.

Басқа жақтан сottalған жазаны өтеву режимінің барлық талаптарын орындауға міндетті. Оған обьектілерді қорғау миниясын немесе түзеу

мекемесінің аумақтық шектеулерді бұзуға, мүліктік емес басқа пайдакүнемдік мақсатты қанағаттандырумен кир ойнау және тағы басқа ойындар ойнауға тиым салынады. Бұл жағдайда әкімшіліктің міндегі және құқығы болып осындай бұзушылықтың алдын алу үшін сай шараларды қолданыту болып табылады.

Мадақтайтын нормалар - қылмыстық-атқару құқығында сотталғандардың құқықтық әрекеттерін бағалауға бағытталған. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің 109 бабы бас бостандығынан айыруға кесілген сотталғандарға қолданылатын мадақтау шаралары:

- жақсы мінез-құлық үшін еңбекке, оқуға адал қарағаны үшін, өзін-өзі қызмет ететін ұйымдардағы жұмыстарға және тәрбиелік шараларға белсенді қатынасқан сотталғандарға келесі марапаттау шараалары қолданылуы мүмкін;
- алғыс жариялау;
- сыйлықтармен марапаттау;
- сыйақы беру;
- қосымша посылка немесе передачалар алуға рұқсат;
- қосымша телефон арқылы сөйлесуге рұқсат алуға;
- қосымша бір айлық, есептік көрсеткіш көлемінде азық-түлік және мереке құндері бірінші жағдайда қажет болатын құралдарды сатып алу үшін рұқсат;
- алдында тағылған қудалауды қысқа мерзімде алып тастау [5, б.18-22].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің 109 бап 4 бөлімі өзінің түзелгенін көрсеткен сотталғандарға жазаны өтеуден шартты-мерзімінен бұрын босату ұсынылуы және өтелмеген жаза түрін жеңіл жаза түрімен ауыстырылуы мүмкін. Бұл құқық нормаларының ерекшелігі болып, олар бұл бағыттағы лауазымды тұлғалардың құқықтарын бекітіп отырады, бірақ олардың міндегтерін емес сондықтан сотталғандар оларды марапаттауды талап ете алмайды.

КР Қылмыстық кодексінің 38-бап 2-бөлімі жаза әлеуметтік әділеттілікті орнату, сотталғандардың түзелуі, сотталғандармен және басқа тұлғалармен жаңа қылмыстар жасатпау мақсатында қолданылады.

Жаза күштік зардап келтіру немесе адамгершілік ар-намысты түсіретін мақсат құрмайды. Осының күшімен қылмыстық жазаны орындау занда көрсетілгеннен басқа мақсаттар қамтымайды, ал жазаны орындау процесі КР Конституциясында көрсетіліп кеткен белгілі көлемнен шықпауы тиіс.

Қылмыстық жаза мақсаттарына қол жету үшін заңның кері әсерлерін ескерту жазаны орындау кезінде дифференциация және индивидуализация қағидасын қолдануды қарастырады, және сот оны жасаған қылмысының ауырлығына, алдыңғы соттылығына, қылмыстық қызметіне, сотталғандардың мінез-құлқына байланысты әртүрлі сотталғандар категорияларын белгілі бір мазмұнға жинақтайды.

Жазасын өтеу уақытындағы сотталғанның мінез-құлқына оның түзелу сатысына, қоғамдық жұмыстарға қатысуына байланысты әрбір сотталған жеке

бағаланады және заң жазаны өтеуден қысқа мерзімде босату немесе ұстай жағдайы жақсартылған жерге ауыстыру жағдайын қарастырады.

Жазаны сottалғандарға ықпалы біріктіру қағидасы ҚР Қылмыстық-атқару кодексінің сottалғандардың түзелуіне негізгі ережесін жүзеге асыру құралдары туралы 7-бап және жаза түріне, мінездемесіне, қоғамдық қауіптілік сатысына, кінәнің нысанына және жасалған қылмыстардың ниеттеріне, жеке тұлғасына және сottалғанның тәртібіне байланысты қолданылады [16, б.68-70].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гомъен Д., Харрис Д., Звеак Л. Европейская конвенция о правах человека и Европейская социальная хартия: Право и практика. М.: Изд. МНИМП, 1998. – 150 с.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, № 419-V Алматы: «Жеті жарғы», 2016. – 310 бет.
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық кодекс, № 214-V// Алматы: «Жеті жарғы», 2016. – 295 бет.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық атқару кодексі // Алматы: Жеті Жарғы, 2014. - 312 б.
5. Мами К.А. Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса // Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса: Материалы междунар.научно-практ.конф. – Алматы: Фирма Киік, 2013. – 122 с.

Тасыбек Ұлпан Абайқызы

АЛАЯҚТЫҚ ҚЫЛМЫС ЖАСАҒАНЫ ҮШІН ЖАЗА ТАҒАЙЫНДАУДЫҢ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ

7M04208 «Құқықтың өзекті мәселелері» Білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қ.

Алаяқтық фактілері бойынша қылмыстық істер жалпы сотта қаралатын барлық қылмыстық істердің маңызды бөлігі болып табылады. ҚР ПМ Тергеу департаменті бастығының міндетін атқарушы Қайрат Нұрмәғамбетовтың айтуынша, елімізде алаяқтық ұрлықтан кейін екінші орында тұр. 2020 жылдың соңғы 8 айында 19 278 алаяқтық фактісі тіркелді [1].

Осы күнге дейін 5 592 қылмыстық іс сотқа жіберілді. Статистика бойынша, сегіз ай ішінде занды тұлғаларға қатысты 167 алаяқтық фактісі тіркелген. Өткен жылы бұл көрсеткіш 61 фактіге тең болды. Оның 31-і сотқа жіберілді, 29-і қысқартылды. Жалпы шығын 4,4 млрд. теңгені құрады. 3,3 млрд. теңге қайтарылды [2].

Оның айтуынша, зардап шеккендердің көпшілігі тиісті құжаттарды тексермейді немесе өзінің салғырттығынан алданған күйінде қалады.

ҚК 177-бабының диспозициясына сәйкес алаяқтық жасаудың әдістәсілдері алдау және сенімге қиянат жасау арқылы сипатталады.

Бұл ретте қылмыстық қол сұғушылық объектілері көбінесе ақша қаражаты мен ұялы телефондар болып табылады, олар қаастырылып отырған кезеңдерде 80% - дан астам жағдайда болған.

Алаяқтық әрекеттерді жасау тәсілдері алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Қылмыскерлер ескі ақшаны жаңасына ауыстырығысы келетіндерін айтып, ақша қаражатын ұрлайды, қоңырау шалу сылтауымен, - ұялы телефондарды ұрлайды, онымен қоса жылжымайтын мүлікке құжаттарды қолдан жасау арқылы аталған мүлікке билік етеді.

Тәжірибеде қылмыскерлердің жәберленушілерге қоңырау шалып, құқық қорғау органдарының қызметкері ретін танысып, олардың туысы қылмыс жасады деген күдік бойынша полицияға жеткізілгендерін және мәселенің оң шешімі үшін көрсетілген соманы ұялы телефонның белгілі бір нөміріне аудару немесе үшінші тұлғаларға беру жолымен ақшалай сыйақыны талап ету сияқты жағдайлар кеңінен таралған.

Мысалы, 05.01.2020 жылы Алматы облысы Қарасай АПБ-нің Каменский ПБ-не Ш. Т. Галиев өтінішпен жүгінген болатын. Өтінішке сәйкес, 05.01.2014 жылы белгісіз тұлға оның үй телефонына қоңырау шалып, оның ұлының ұсталғанын айттып, алдау әдісімен ұлын босату үшін ақша қаражатын иеленгісі келген.

Осы фактіге байланысты 05.01.2020 ж. ҚР ҚК 177-бабы 1-бөлігі бойынша №14195303100025 қылмыстық іс қозғалды [3].

Мұндай мысалдар республиканың әрбір өнірінде бар және олар құқық қорғау органдарының тиісті алдын алу жұмысының жоқтығын объективті түрде күәландырады.

Құқық қорғау органдарының тиісті алдын алу шараларын қолданбауы нәтижесінде аталған санаттағы қылмыстардың орын алуы жалғасуда және сол тәсілдермен және әдістермен жасалады.

Қылмыстық істердің фабуласын зерделеу алаяқтық жасаудың бірнеше негізгі тәсілдерін бөліп көрсетуге болатынын көрсетті:

- қайтару мақсатынсыз қарызға ақша алу;
- қоңырау шалу сылтауымен ұялы телефонды ұрлау;
- жалған пәтерді жалға беру;
- жалған банктік кредиттерді ресімдеу;
- жер участкелерін сату;
- ипотеканы ресімдеу;
- жұмысқа орналастыру;
- шарттық міндеттемелерді орындау мақсатынсыз жасау.

Осы санаттағы қылмыстарды талдау көрсеткендей, алаяқтар, әдетте, 20-40 жастағы ерлер, коммуникабельді, құрбандармен онай байланыста түсетін және сенімге кіретін тұлғалар болып табылады.

Бұл ретте түрлі қызмет көрсету саласындағы қылмыстардың басым бөлігі (ипотека, жер участкелерін сату, қарыз беру шарттары) бұрын таныс адамдар арасындағы сенімді қарым-қатынастарға байланысты болады. Бұл ретте

алаяқтар жәбірленушілердің пайдасына белгілі бір іс-әрекеттер жасауға мүмкіндігі бар адамдар ретінде өздерін таныстырады, осылайша азаматтар алдауға оңай ұшырап, өз ақшалары мен мүлкін қылмыскерлерге сеніп тапсырады.

Мысалы, С. Тыржановтың жақын туысы К. Бермағамбетоваға қатысты шара қолдану туралы арызы бойынша ҚР ҚК-нің 177-бабы 1-бөлігі бойынша қозғалған №14711103102130 қылмыстық істі қарастыруға болады. Арызга сәйкес К.Бермағамбетова жер участесін беруге уәде беріп, ақшалай қаражат алған [3].

Бұл ретте осы санаттағы қылмыстардың өсу проблемаларының бірі алаяқтық құрбандары көбінесе өзінің мінез-құлқымен қылмыс жасауға ықпал ететіні және женіл ой мен сенімділік, женіл басуға бейімділік сияқты қасиеттерімен ерекшеленетіні болып табылады.

Қылмыстық істердің фабуласын зерделеу көбінесе қылмыстық қудалау органдары қылмыстық емес, азаматтық-құқықтық қатынастардың белгілері қаралатын қылмыстық істерді қозғайтынын көрсетті.

Мысалы, 2017 жылғы 12 қазанда Астана қаласы Алматы АПБ-мен К. Б. Мирашеваның арызы бойынша С. Челбаковтың алаяқтық әрекеті фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалды.

Қылмыстық істі қозғау себебі С. Челбаковтың жиһазшы қызметін көрсеткені үшін алдын ала төлем алдып, кепілақыны қайтармағандығы болып табылады.

Қылмыстық істі тергеу барысында С. Челбаков К.Б. Мирашевадан шын мәнінде ақша алғаны анықталды, алайда нақты орындалған жұмыс үшін, бұл фотосуреттермен, жұмыстарды қабылдау актілерімен және бақылау-кассалық аппарат арқылы соғылған чектермен дәлелденді.

Аталған факті бойынша 2020 жылғы 10 қаңтарда қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтату туралы шешім қабылданды.

Бұл жағдайда өтініш беруші мен С. Челбаков арасында жасалған қызмет көрсету туралы шарттан туындасты азаматтық-құқықтық қатынастар белгілері қаралады [3].

Әдетте, қылмыстық қудалау органдары мұндай істерді зардап шеккендердің өтініштері мен түсініктемелері негізінде, дәлелдерді толық тексермей, сондай-ақ растайтын құжаттарды қоса тіркеусіз ғана қозгайды.

Сонымен қатар, статистикалық деректерді зерделеу ақша қаражатын алғандығы туралы растаусыз қылмыстық істердің көпшілігін тергеуді көрсетті, олардың одан әрі сот перспективасы жоқ, осыған байланысты олардың көпшілігі тоқтатыла тұрады.

